
Ақбөпе Сикинбаева

Электронды каталогты қалыптастыру

қызметінің эксперт-менеджері

Назарбаев университетінің ғылыми кітапханасы

Университет кітапханаларының электронды каталогтарына шолу

Техника мен технологиялық үрдістердің дамуы заманында, өмірдің қай саласы болмасын ғылыми жаңалықтарды енгізуді талап етеді. Заман ағымына сай қызметті пайдалану, қызметтерді ұсыну, бәсекеге қабілетті болу — сапалы өмір сүрудің кепілі болып табылады. Ол үшін қазіргі қоғамда барлық жағдайлар жасалған, тек әрбір маман білімін ұштастырып, ізденімпаздық танытса, өз саласының табысты жетекшісі болуы бек мүмкін.

Назарбаев Университетінің Ғылыми кітапханасының қызметкерлерінің де ұстанған жолы осы — өмір бойы білім ала отырып, оны саралап, басқа мамандарға тарату. Сөзімізге дәлел ретінде университет кітапханасының негізінде құрылған Кітапханалық технологиялар мектебін айтуға болады. Назарбаев Университетінің кітапханасының құрылғанына көп болмаса да, заманауи техникалар мен технологиялармен қатар республика және шет елдерден кітапхана саласындағы кәсіби мамандарды қызметке тарта білген, соның арқасында кітапханада небір қызықты жоспарлар жүзеге асырылып отыр.

Кітапханалық технологиялар мектебі құрылғаннан бері бірнеше семинар-тренингтер өткізілді, әрбір іс-шараның тақырыбы, жоспары жасалды. Соның ішінде кітапхананың каталогтаушы мамандарына арналған арнайы семинар-тренингтердің орнын ерекше атап өтуге болады.

Бұл Назарбаев Университетінің кітапханашыларының каталогтау жөніндегі зерттеулерін көпшілікпен бөлісуге, әріптестердің ойын тыңдап, ойтүйюге таптырмас құралы болды. Соның ішінде кітапханашылардың қызығушылығын танытқан тақырыптардың бірі — Шет елдік академиялық кітапханаларының электронды каталогтарына шолу болды.

Қазіргі заманда көптеген кітапханалар кітапханалық сайттарын ашық қолжетімділікте көпшілікке ұсынады. Бұрындары оны электронды каталог деп атайтын, қазіргі таңда, ақпараттық дамудың қарқындылығы бұл ұғымды одан да кең пайдалануға мәжбүрлегені соншалық, электронды каталог — онлайн каталогқа айналып үлгерген. Маман емес адам бұл ұғымның кітапхана саласына еш қатысы жоқ деп те ойлауы мүмкін. Бұл атаумен қоса кітапхананың ашық қолжетімділікте ұсынып отырған онлайн каталогтары заманауи жаңалықтардың ортасы деп айтуға болады. Еліміздегі кітапхана саласының біртіндеп дамып келе жатқанында мұндай үлгілердің өзімізге қажеттісін алып, кітапхана саласында оны одан өрі дамытуға үлкен мүмкіндіктер берілген.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Америка мен Еуропада кітапханалық картотекаларды электронды каталогқа айналдыру үрдісі басталған еді. Интернет желісінің дамуымен қатар кітапханалық каталогтарды пайдалану мүмкіндігі бүкіл өлемге паш етілді. Бұл кітапханалық қызметті ұсынудың сан алуан жолының бір тармағы болғанымен, ол уақыт өткен сайын дамып, кітапхана ісін теңдессіз жетістіктерге жеткізіп отыр. Әрбір ірі кітапхана өзінің кітапханалық сайтын ашып, интернет желісінде мүмкіндігінше қызметтерін ұсынуда. Жеке сайтты қалыптастыру барысында қандай мүмкіндіктерді ескеріп, қандай қызметтерді аса назар аударар отырып, дамытуды ойлаған кезде бірнеше жылдық тіпті ғасырлық тарихы бар басқа кітапханалардың сара жолдарын зерттеуге тура келеді. Мұндай көзқарастың пайдасы, аз уақыт ішінде қателіктерге ұрынбай, үздік тәжірибені жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады.

Назарбаев Университеті өлемнің жетекші университеттерімен ынтымақтастық қатынаста, нәтижесінде біздің кітапханамыз да сол университеттердің кітапханаларымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Жыл сайын кітапханашылардың сол елдерге іссапармен барып, кітапханаларында іс-тәжірибеден өтіп, білімін шыңдауға, әрбір кітапхананың концепциясымен танысуға барлық мүмкіндіктер жасалынған. Бұл біздің университеттің кітапханалық сайтын дамытуға, бағытын айқындауға арналған үлкен серпін және үлгі алуға арналған таптырмас құрал.

Біз ұйымдастырған семинар-тренингтерде кітапхананың каталогтаушы мамандарына тек каталогтаушы ғана емес, кітапханалық сайтты дамытушы дизайнер болуға да шақырдық. Оны жүзеге асырудың бірнеше жолы мен тәсілдерін көрсеттік. Әрине, бұл біздің тұрғыдан да бірнеше уақытқа созылған зерттеулер, шолулар мен пікірталастардың нәтижесі еді. Бұл жерде зерттеуді тек академиялық, яғни тек университет кітапханаларына ғана жүргізілгені туралы атап өткіміз келеді.

Кітапханалық сайттарды зерттеу өлемдік рейтингтері жоғары университеттердің негізінде жасалды, өз ортасында үздің тәжірибемен танылған университеттік кітапханалар ғана үздік стандарттарды ұсынады және олардағы ақпаратты алу әрқашан да ашық қолжетімді.

Сонымен, университет кітапханаларының каталогтарына шолу барысында біз мынадай ерекшеліктерге назар аударуды жөн көрдік:

- кітапханалық сайт интерфейсін пайдаланудың ерекшеліктері
- біріктірілген бағдарламалар
- библиографиялық жазбалар
- каталогтау ерекшеліктері
- кітапханалық қызмет көрсетуді ұсыну тәсілдері
- каталогтау ерекшеліктері
- академиялық кітапханалардың ортақ ерекшеліктері
- оларды қазақстандық кітапханаларда пайдалануға бола ма?
- ондай технологиялық дамытулар бізде бар ма? — деген сұрақтарға жауап беруге тырыстық.

Әрбір кітапханалық сайт бірден-бір конструкция, өздерінің пайдаланушыларының әрбір сұранысын қалтықсыз қанағаттандыруға бағытталған жұмыстарын ерекше атап өтуге болады.

Алайда батыстық университет кітапханаларының онлайн каталогтарының бір біріне ұқсас жерлері өте көп, оны пайдаланушыға сапалы қызмет көрсетуге бағытталған жұмысындағы бірізділік принципінен байқайсың. Қазіргі таңда қазақстандық ортада кітапханалық ақпаратты ұсынудың бірізділігін ұйымдастыру болашақтың еншісінде деп сенеміз. Шетелдік академиялық кітапханалардың қызмет көрсету түрлері заман ағымына сай көптеген өзгерістерге ұшыраған, мысалы, әрбір кітапхана өздерінің онлайн каталогына атау береді, ол университет пен ақпараттық жүйенің атауларынан тұратын аббревиатура да болуы мүмкін. Кітапханалар басты интерфейсінде пайдаланушыға арналған барлық көмекші құралдарды пайдалану мүмкіндігін қарастырған. Іздеудің критерийлерін, кері байланыс, пайдаланушыға көмек, дәйексөз келтіру т.б. көмекші құралдарын ұсынған. Тағы бір кітапханалар тобы көмекші функцияларын пайдаланушы іздеудің критерийлерін таңдап, іздеуді іске асара бастағаннан барып ұсынады.

Түгелдей дерлік кітапханалық онлайн сайттарда ізденіс жүргізу үшін кітапханалық сайтта тіркелу міндетті емес. Жүйе тіркелуді егер қосымша қадамдар жасайтын болсаңыз, мысалы, әдебиетті кітапханадан алуға тапсырыс бергенде, кітапханааралық тапсырыста немесе құжаттарды жүктеу т.с.с. қадамдар жасау барысында ғана сұрайды. Пайдаланушыларға каталогты пайдалану барысында кітапханашылар тарапынан көмек көрсету қызметі ізденістің барлық деңгейінде ұсынылады. Әдетте кітапханашының онлайн көмегіне жүгінуге немесе кітапхананың сайтында текстік хабарлама қалдыру жеткілікті, хат арқылы жолдаған тапсырысты орындау уақыты бір тәуліктен аспайды. Егер пайдаланушы ізденісті өз бетімен жүргізуге ынталанған

күннің өзінде кітапханалық сайтта видеонұсқау немесе сайтты пайдалануды үйрететін текстік хабарлама міндетті түрде беріледі.

Жоғарыда айтып өткеніміздей көптеген американдық және Еуропалық университеттер кітапханаларының библиографиялық жазбаларының тоқсан пайызы бір-біріне өте ұқсас, ол кітапханалар жұмыс жасайтын стандарттарға қатысы бар әрине, айта кететіні библиографиялық жазбалардың ұқсастығы кітапханаларға жазбаларды біріктіруге, қатесі болған жағдайда түзетуге, пайдаланушыларға каталогтардың ұқсастығының арқасында барлық ақпараттар ағымында бірдей қолайлы ізденіс жасауға мүмкіндік береді. Оны жүзеге асыратын тетіктер бұрыннан қарастырылған.

Кітапханалық ақпараттың көзі ретінде тағы бірнеше ашық қолжетімділіктегі қорларды айтып өтуге болады.

WorldCat (www.worldcat.org) — каталогтар одағы немесе кітапханалық ақпарат пен қызметтің әлемдік порталы. Бұл жүйеде 172 мемлекеттен 72 мыңнан аса кітапхананың ақпараттық жинағы біріктірілген Online Computer Library Center (OCLC) бағдарламасының аясына жиналған кітапханалар кіреді. Бұл қатысушы-кітапханалардың арқасында құрастырылып, дамытылып отыратын жүйе болып табылады. Бірнеше мемлекеттердегі кітапханалық порталдарға қосылуыны байланысты WorldCat жүйесіндегі ақпарат бірнеше тілдерде берілген. Жүйеде кітаптар, музыкалық дисктер, видеожазбалар және жүктеп алуға қолжетімді аудиокітаптарды табуға болады. Іздеу барысында мақаланың түпнұсқасына сілтеме беретін, дәйексөз келтірілген, сонымен қатар еш жерде жарияланбаған суреттер мен құжаттар, сирек объектілердің цифрлік нұсқалары жинақталған.

Amazon.com (www.amazon.com) — американдық электронды коммерциялық компания. Бұл АҚШ-тағы ең ірі компаниялардың бірі. Amazon.com сайты өз жұмысын кітаптардың интернет-дүкені ретінде бастаған, одан кейін DVD, VHSs, компакт-дисктер, видео және MP3, бағдарламалық қамтамасыз ету, видеоойындар, электроника, киім, жиһаз сияқты өмірдің барлық салаларына қажетті тұтыну тауарларын сатуды қолға алады.

Google Scholar (scholar.google.com) — көпшілікке қолжетімді ізденіс жүйесі болып табылады, ғылыми басылымдардың толық мәтіндеріне дәйексөз келтіретін бірден бір индекс, ол Америка мен Еуропадағы ірі басылымдарды, ғылыми кітаптар, журналдардан 160 миллионнан аса сілтемелерді жинақтаған.

HathiTrust (www.hathitrust.org) — бұл ғылыми кітапханалардың цифрленген контентінің ең масштабты жиынтығы. Сонымен қатар, қор Google Books арқылы архивтерді цифрлеу бастамасын қолдап, жасалынған жұмысты өз қорында көрсете білген.

LibGuides (Libguides.com) — бүкіл әлемде мыңдаған кітапханалар пайдаланатын контентті пайдалануға арналған, қолдануға өте қолайлы жүйе. Кітапханашылар мұны білімді бір жерге жинақтау, онлайн-гид арқылы белгілі бір жағдайда білім алмасу үшін пайдаланады.

Қорыта келгенде кітапханашыларға кітапханалық онлайн каталогты дамыту барысында қандай ерекшеліктерге назар аудару керек, өрине біз ұсынғалы отырған құралдардың көбісін біз сирек пайдаланамыз, алайда оны қалыптастыру тек біздің, кітапханашылардың қолында.

Біз шолу жасап, зерттеген жүздеген кітапханалық онлайн каталогтардан мынадай ерекшеліктер көрдік:

- Кітапханалық сайтты пайдалануға арналған видеонұсқаудың болуы
- Ізденіс нәтижелерін пайдаланушының электронды поштасына жіберу мүмкіндігі
- Ізденіс нәтижелерін сақтау
- Ізденіс нәтижелерімен әлеуметтік желілерде бөлісу мүмкіндігі
- Материалдарға Кітапханааралық жүйе арқылы тапсырыс беру
- Кітапханашылардың онлайн көмекке келуі немесе кері байланыс
- Ізденіс нәтижелеріне дәйексөз келтіру
- Кітапханадан арнайы онлайн карталар арқылы материалдарды табу мүмкіндігі
- Ізденіс нәтижелерін “Менің Зерттеулеріме” қосу мүмкіндігі
- Библиографиялық жазбаларды MARC форматында көре алу мүмкіндігі
- LibGuide-ке сілтеме
- GoogleBooks-қа сілтеме
- WorldCat және COPAC-қа сілтеме
- Amazon.com-ға сілтеме
- Электронды каталогқа арналған мобильді қосымшаға сілтеме

Әрбір университет кітапханасы өздерінің электронды каталогтарын дамытуда осындай құралдарды қолданып, қызметтерінде пайдаланаса, кітапхана ісінің біздің елде де жанданып, пайдаланушылардың қандай да бір сұранысын қанағаттандырып, сапалы қызмет көрсете алатын бірден-бір ұйым болатынымыз айқын.